

## **Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Монғолия Үкіметі арасындағы зейнетакы саласындағы ынтымактастық туралы келісім**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Монғолия Үкіметі (бұдан әрі «Тараптар» деп аталатындар) зейнетакыларды тағайындау және төлеу мәселелері бойынша ынтымактастықты дамытуға ұмтылуды басшылыққа ала отырып, тәмендегілер туралы уағдаласты:

### **1-бап Негізгі ұғымдар**

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

«тұратын мемлекеті» – аумағында өтініш беруші тұрақты тұратын мемлекет;

«заңнама» – Тараптар мемлекеттерінің зейнетакыларды тағайындау және төлеу мәселелерін реттейтін заңдары мен басқа да құқықтық актілері;

«өтініш беруші» – зейнетакы тағайындауға өтініш білдірген адам не оның атынан әрекет ететін және оның мұдделерін білдіретін сенім білдірілген адам;

«құзыретті орган» – осы Келісімді іске асыратын Тараптардың мекемесі және (немесе) ұймы;

«тұрғылықты жері» – Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес айқындалатын немесе сондай деп танылатын өтініш берушінің тұрақты тұратын жері;

«зейнетакылар» – осы Келісімнің 2-бабының 2-тармағында көрсетілген зейнетакы төлемдері;

«дербес деректер» – өтініш берушіге (зейнетакы алушыға) қатысты электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген мәліметтер;

«зейнетакы алушы» – осы Келісімнің 2-бабының 2-тармағында көзделген зейнетакы тағайындалған адам;

«еңбек (сақтандыру) өтілі» – жұмыс және (немесе) сақтандыру зейнетакы журналарын төлеу кезеңдері, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес өзге де кезеңдер;

«уәкілетті орган»:

Қазақстан Республикасында – Қазақстан Республикасының Еңбек және халыкты әлеуметтік қорғау министрлігі;

Монғолияда – Монғолияның Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі.

Тараптардың бірінде уәкілетті органының ресми атауы өзгерген немесе қайта құрылған кезде мұндай Тарап бұл туралы екінші Тарапты дипломатиялық

арналар аркылы дереу хабардар етеді және тиісті құқықтық мирасқорлықты қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.

2. Осы Келісімде пайдаланылатын өзге де ұғымдар Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында айқындалған мағыналарда қолданылады.

## 2-бап

### Адамдар шенбері және қолданылу аясы

1. Осы Келісім Тараптардың бірінің мемлекетінің аумағында тұрақты тұратын және екінші Тарап мемлекетінің аумағында енбек (сақтандыру) өтілі бар Тараптар мемлекеттерінің азаматтарына қолданылады.

2. Осы Келісім зейнетақылардың мынадай түрлеріне:

2.1. Қазақстан Республикасында:

2.1.1. жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне;

2.1.2. міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі – жинақтаушы зейнетақылар) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан зейнеткерлік жасқа толуына байланысты зейнетақы төлемдеріне;

2.2. Монголияда – жерасты жұмыстарында, ыстық температуралық жағдайлардағы жұмыстарда және енбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға мерзімінен бұрын зейнетақыларды қоспағанда, сақтандыру зейнетақы корынан төленетін жасына байланысты зейнетақыларға (бұдан әрі – жасына байланысты зейнетақылар) қолданылады.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген зейнетақыларды тағайындау және төлеу мәселелерін реттейтін Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, егер олар оның ережелеріне қайшы келмесе, осы Келісімге қолданылады.

4. Осы Келісім мынадай зейнетақыларға:

Қазақстан Республикасында – енбек сінірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне;

Монголияда – әскери қызметі үшін зейнетақыға қолданылмайды.

5. Осы Келісім 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясының және 1963 жылғы 24 сәуірдегі Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясының тиісті ережелеріне әсер етпейді.

## 3-бап

### Зейнетақыларды тағайындау және төлеу

1. Тараптар мемлекеттерінің азаматтарына зейнетақыларды тағайындау және төлеу тұратын мемлекетінің заңнамасы бойынша жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасында жасына байланысты зейнетақы төлемдері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және шарттарда республикалық бюджет қаражаты есебінен төленеді.

3. Қазақстан Республикасында жинақтаушы зейнетақыларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы коры Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және шарттарда төлейді.

4. Монголияда жасына байланысты зейнетакы Монголияның әлеуметтік сақтандыру туралы заннамасында көзделген тәртіппен және шарттарда сақтандыру зейнетакы қорынан төленеді.

5. Зейнетакыларды аударуға байланысты барлық шығысты зейнетакы тағайындаған Тарап көтереді.

6. Тұратын мемлекетінің заннамасында көзделген қажетті құжаттарды қоса бере отырып, Қазақстан Республикасында жасына байланысты зейнетакы төлемдерін және Монголияда жасына байланысты зейнетакыларды тағайындау туралы өтінішті өтініш беруші тұратын мемлекетінің құзыретті органына береді.

7. Қазақстан Республикасының заннамасында көзделген қажетті құжаттарды қоса бере отырып, Қазақстан Республикасында жинақтаушы зейнетакыларды тағайындау туралы өтінішті өтініш беруші Тараптардың кез келгенінің құзыретті органына береді.

Тараптардың бірінің құзыретті органына зейнетакы тағайындау мақсатында өтініш берген күн екінші Тараптың құзыретті органына берген күнге теңестіріледі.

Монголияның құзыретті органына өтініш берілген жағдайда Монголияның құзыретті органы куәландырган өтініштің түпнұсқасы және қоса берілген құжаттардың көшірмелері өтініш қабылданған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының құзыретті органына жіберіледі. Өтініш нысанын Қазақстан Республикасының құзыретті органы бекітеді.

Осы Келісімді іске асыру шенберінде Тараптардың құзыретті органдары арасында құжаттарды жіберу мерзімі өтінішті қарау және зейнетакы тағайындау туралы шешім қабылдау мерзіміне қосылмайды.

Қазақстан Республикасының құзыретті органы өтініштің Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген мерзімдерде қаралуын қамтамасыз етеді.

#### **4-бап** **Еңбек (сақтандыру) өтілінің жиынтық есебі**

1. Қазақстан Республикасында жасына байланысты зейнетакы төлемдерін және Монголияда жасына байланысты зейнетакыларды тағайындау кезінде бір Тараптың құзыретті органы екінші Тарап мемлекетінің аумағында 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін жиналған, уақыт бойынша сәйкес келмейтін еңбек (сақтандыру) өтілінің жиынтық есебін жүргізеді.

2. Тараптардың бірінің аумағында жиналған еңбек (сақтандыру) өтілі оны осы Тараптың құзыретті органы Келісімнің 6-бабында көзделген тәртіппен растаған жағдайда ескеріледі.

3. Әскери қызмет кезеңдері және жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі және арнаулы орта білім беру жүйесінде, сондай-ақ рухани (діни) білім беру үйымдарында оку кезеңдері Тараптар мемлекеттерінің аумағында зейнетакыны тағайындаған Тарап мемлекетінің заннамасына сәйкес еңбек (сақтандыру) өтіліне есепке жазылады.

#### **5-бап**

## **Зейнетакыларды аудару**

1. Жинақтаушы зейнетакыны аудару алушы Қазақстан Республикасынан Монголияға тұрақты тұруға кеткен жағдайда жүргізіледі.

2. Жинақтаушы зейнетакыны аудару алушының операция жасалатын құнгі Қазақстан Республикасы валютасының ресми бағамы бойынша айырбасталатын Монголияның ұлттық валютасындағы шотына жүзеге асырылады.

### **6-бап**

#### **Таралтардың ынтымақтастығы**

1. Таралтардың уәкілетті органдары бір-біріне заңнамадағы барлық өзгеріс туралы, сондай-ақ осы Келісімнің қолданылу аясына қатысты уәкілетті және құзыретті органдардың өзгеруі туралы акпарат береді.

2. Таралтардың уәкілетті және құзыретті органдарының өкілдері осы Келісімді іске асыруға қатысты мәселелерді талқылау мақсатында Таралтардың әрқайсысында кезекпен кездесулер ұйымдастыруға құқылы.

3. Екінші Тарап мемлекетінің аумағында жиналған еңбек (сақтандыру) өтілін раставу мақсатында, сондай-ақ осы Келісімді іске асыруға байланысты зейнетакыларды тағайындау, төлеу, тоқтату мәселелері және басқа да мәселелер бойынша қосымша мәліметтер, құжаттар алу қажет болған кезде бір Таралтың құзыретті органы екінші Таралтың құзыретті органына сұрау салу жібереді.

Құзыретті орган сұрау салуды алғаннан кейін 30 жұмыс күні ішінде жауап жібереді. Сұрау салуға жауапты көрсетілген мерзімде жіберу мүмкін болмаған кезде құзыретті орган сұрау салуды жіберген құзыретті органды бұл туралы хабардар етеді.

Сұрау салулар мен оларға жауаптардың бірыңғай нысандарын Таралтардың құзыретті органдары бекітеді.

4. Зейнетакы мөлшерінің өзгеруіне, оны төлеуді тоқтата тұруға немесе тоқтатуға, дербес деректердің өзгеруіне алыш келетін мән-жайлар туындаған жағдайда Таралтардың құзыретті органдары тиісті мәліметтерді алғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде бір-біріне хабарлауға міндettі.

### **7-бап**

#### **Дербес деректер**

1. Осы Келісімді іске асыру мақсатында Таралтар арасында дербес деректер беріледі. Мұндай деректер құпия дербес акпаратқа жатады және осы Келісім мен Таралтар мемлекеттерінің дербес деректер саласындағы тиісті заңнамасы шенберіндеған пайдаланылады.

2. Таралтардың уәкілетті және құзыретті органдары Таралтар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинауды, өндеуді, сақтауды, қорғауды жүзеге асырады.

### **8-бап**

## **Қорытынды ережелер**

1. Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға байланысты дауларды Тараптар консультациялар мен келіссөздер жүргізу арқылы шешеді.
2. Осы Келісім ратификациялауга жатады және Тараптардың ратификациялау туралы жазбаша хабарламаларының соңғысы дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен кейінгі екінші айдың бірінші куні күшіне енеді.
3. Тараптар өзара келісу бойынша осы Келісімге жекелеген хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.

4. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады.

Әрбір Тарап осы Келісімнің қолданысын ағымдағы күнтізбелік жыл өткенге дейін кемінде 6 ай бұрын дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапты бұл туралы жазбаша хабардар ете отырып, келесі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап тоқтатуға құқылышы.

5. Осы Келісімнің қолданысы тоқтатылған жағдайда, осы Келісімнің ережелеріне сәйкес туындаған құқықтар өз күшін жоғалтпайды.

.....жылғы \ күні\.....\ орын\ әрқайсысы қазақ, монгол және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіннің күші бірдей. Осы Келісімнің мәтіндері арасында алшактықтар туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

**Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін**

**Монголия Үкіметі  
үшін**